

ПРЕЗИДЕНТ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАН КЕЗДЕСУ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Германияның Федералдық канцлері Ангела Меркельдің Берлиндегі келіссөздері барысында екіжақты экономикалық қарым-қатынасты жандандыру мәселелері, сондай-ақ Украинаның шығысындағы ахуалды Украина, Ресей, Германия және Франция басшыларының таяуда Астанада өтуі ықтимал кездесуі аясында реттеу шаралары талқыланды, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

Екі мемлекеттің көшбасшылары Минск уағдаластығын қатысушы тараптардың мүлтіксіз жүзеге асыруы қажеттігін, мұның тезірек бейбіт реттеуге және сенімді нығайтуға септігін тигізетінін атап айтты.

Тараптар екі ел арасында белсенді әрі сындарлы саяси диалог орнағанына тоқталды, сондай-ақ 2012 жылы ақпанда қол қойылған Қазақстан мен Германияның Шикізат, өнеркәсіп және технология салаларындағы серіктестік туралы үкіметаралық келісімін нақты іске асырудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, инновациялық-инвестициялық ынтымақтастық аясын кеңейтудің бірқатар аспектілері және Астанада өтетін халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындық барысы қарастырылды.

ҮКІМЕТ

АЙЫПНҮЛ КӨЛЕМІ ТӨМЕНДЕУІ МҮМКІН

Әкімшілік құқықбұзушылық жасаған жүкті және кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты айыппұлдар көлемі 30 пайызға төмендетілуі мүмкін. Бұл туралы кеше Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Әділет вице-министрі Зауреш Баймолдина мәлім етті.

— Әкімшілік айыппұл салған сотқа және құзырлы меморганға жұмсарту жағдайларына байланысты айыппұл көлемін 30 пайызға дейін төмендету құқығы берілген, - деп атап өтті ол.

Министр орынбасарының сөзіне қарағанда, бұл жеңілдіктер құқықбұзушылар толық кінәсін мойындаған кезде ғана қолданылады.

— Ол үшін құқықбұзушы кінәсін толық мойындап, шығынды толықтай өтеуі тиіс. Сонымен қатар, құқықбұзушылықты жүкті әйелдермен немесе кәмелеттік жасқа толмағандармен жасаса, айыппұл көлемін 30 пайызға қысқартуға болады, - дейді вице-министр.

ӨНЕГЕСІ КӨПКЕ ОРТАҚ



Қазір Қазақстандағы жүздеген ұлттың достығы “Бірлік басы береке” деген тәмісідің дұрыстығын айтақтап тұр. Тәуелсіздіктің елең-аландында Қазақстан ұлтаралық қақтығыстан аман шықты. Қайта ел іргесі бекіп, ортақ мақсат сан ұлтты ұйыстырған достық дәнекеріне айналды. Еліміздегі жеті ірі этнос өкілдерінің бірі – өзбек ұлты. Кейбір мәдени ерекшеліктері болмаса, қазақ пен өзбектің тілі, діні, ділі бір леуеге болады. Түркі халықтарының ішінде бір-бірінен ең соңғы болып ажырап, егемендік алған халықтар осы қазақ пен өзбек десек, артық айтапанымыз болар. Өзбек ағайындылар өздерін қазақ халқының бір бөлішегіндейміз деп есептейтіні сондықтан. Тағы бір айта кетерлігі оған Елбасы Н.Назарбаевтың “Қазақстандағы қоғамдық келісім, ең алдымен қазақтың келісімі. Татулық пен тұрақтылық ел несі ретінде, ең алдымен қазаққа керек. Қазақ жері 100-ден астам этносты біріктірді. Өрине, осы этностық әр алуандықтың бәрі бір тұтас ұлтқа айналуы үшін жасы іргетас қызметін атқарып отыр” деген

ұлағатты сөзі де дәлел бола алады. Бүгінде өзбек ұлтының басым бөлігі Оңтүстік Қазақстанды мекендеуде. Өзбек ағайындылар Жер-анаға біртұтас жақын, еңбекқорлығы, салт-дәстүрі, ас мәзірлеу мәдениеті және қонақжайлылығымен ерекше бағаланады. Және де бізге ете-не жақын. Сол себепті де түбі бір түркі халықтары болғандықтан салт-дәстүрі мен мәдениеті, әдет-ғұрпы ұқсас келеді.

Басынан айтар болсақ, бәрі де сыйластықтан, құрмет билдіруден басталатыны белгілі. Олар сәлемдесудің жақсы үлгісін қалыптастырған. Кішкентай баладан бастап, еңкейген картқа дейін бір-бірімен “Ассаламалейкум” деп амандасады. Хал-жағдайын сұрап, амандық білісіп, ізеттілік көрсетеді. Үлкенге құрмет көрсету үлкен іске баланады. Мәселен, Оңтүстікте тұратын өзбектердің тыныс-тіршілігі бізге жақын таныс. Олар балаларын ерте жастан бастап еңбекке баулиды. Еңбексүйгіш халық өз беттерінше ізденіп, шағын кәсібін ашып, аз уақыт ішінде дөңселентіп алады. Осы бейімділік пен еңбексүйгіш қабілеттерінің арқасында кез келген істің көзін таба біледі. Сондықтан оларды еңбекке жақын халық деп айтады. Қарап отырсақ, шаптараз, асхана, сәулулық салондары, саууда орындары секілді бір қарағанда қарапайым кәсіп болғанымен үлкен еңбекті та-лап ететін салаларды меңгеріп алған.



ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ

әр басшының принципіне айналуы тиіс

Кеше облыс әкімі Қ.Көшербаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі облыстық комиссияның отырысы өтті.

Отырыста облыс әкімінің кеңесшісі Ғ.Алпысбайұлы «Мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында хабарлама жасады.

Онан соң ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы М.Қарымасқов, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы С.Мұстафаев және облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Ғ.Ниязовтар мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан шаралар туралы айтып өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта мемлекеттік басқарудың, мемлекеттік қаражатты бөлу мен пайдаланудың ғылыми негізделген нисандары мен әдістерін таңдаудың маңызы зор. Осы орайда облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес электронды әкімдікті интеграциялау және дамыту бөлімі мен мемлекеттік сатып алу басқармасы бірлесіп, мемлекеттік сатып алууды бақылау, жоспарлау туралы электронды бағдарлама әзірледі.

Отырыста мемлекеттік сатып алу жүйесін одан әрі жаңғырту, мемлекеттік органдардың барына ашықтығын қамтамасыз ету бойынша жасалып жатқан жұмыстар жайы да сөз болды.

Комиссия отырысы соңында облыс әкімі Қ.Көшербаев орынбасарларына, басқарма, департамент, инспекция басшыларына өздері жетекшілік жасайтын салаларда сыбайлас жемқорлыққа соқтыратын жағдайлардың алдын алуды қатаң тапсырды.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

13

ҚАҢТАР
СЕЙСЕНБІ

2015 ЖЫЛ
№4 (18892)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

ӘЛЕУМЕТ ӘЛЕУЕТІ БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс әкімінің 2015 жылға арналған іс-қимыл жоспарының басымдықтары мен міндеттері ел Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауына, сонымен бірге Қызылорда облысының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясының негізгі бағыттарына сәйкестендірілген. Өңірді дамытудың басым бағыттары айқындалған бұл құжатта сыртқы экономикалық факторлардың жағымсыз әсері де ескеріліп отыр. Бүгін біз осы жоспардағы басым бағыттардың бірі – әлеуметтік сала бойынша жүзеге асырылатын жобаларға тоқталмақпыз.

Аймақ дамуының бағдаршамы іспетті құжаттың мақсаты айқын. Сол нақты мақсаттың бәрі біздің облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2020 жылға дейінгі Стратегиясында тайға таңба басқандай көрсетілген.

Облыс әкімінің 2015 жылға арналған іс-қимыл жоспарында бірінші – әлеуметтік даму мәселесі, екінші – өңір экономикасын әртараптандыруға бағытталған басым жобаларды іске асыру, үшінші – инфрақұрылымды өркендету, төртінші – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бесінші – жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды дамыту болып белгіленді. Құжатта әр сала бойынша жыл көлемінде жүзеге асырылатын нақты істер тізбесі берілген.

Біз осындағы әлеуметтік сала бойынша атқарылуы тиіс жұмыстарды тарқатып көрейік. Өрине, салаларды бөліп-жарып қарауға болмас, алайда, әлеуметтік саланың орны қашан да айрықша. Сондықтан да болар, аталған іс-қимыл жоспарында осы саланы ілгері дамыту кезек күттірмейтін басым бағыт ретінде



айқындалыпты.

Облыста атқарылатын барлық іс айқындалған құжатта ең алдыңғы кезекте әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындау және жаңа жұмыс орындарын ашу көзделіп отыр. Ең қуаныштысы, жыл ішінде өңірде 9,5

мың жаңа жұмыс орны ашылады! Сондай-ақ, биыл 840 әлеуметтік жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Облыс көлеміндегі жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту мәселесі де басты назарда тұр. Мәселен, «Жұмыспен қамту-2020»

бағдарламасы шеңберінде жастар тәжірибесі бойынша барлығы 1400 жасты жұмысқа тарту көзделіп отыр. Бұған қоса, қоғамдық жұмыстарға 7 мың жан, бағдарлама аясында оқытуға 380 жұмыссыз бағытталатын болады.



ДАМУ

ЖЫЛ БЕДЕРІНДЕГІ БЕРЕКЕ алдағы күннің табыс кепілі

Сыр өңірі өткен жылды жақсы көрсеткішпен қорытындылады. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму бойынша республикада алғашқы сатыларға жайғасқандығы бұл сөзімізге дәлел болса керек. Әр саладағы серпіліс облыс орталығы мен аудандарды былай қойғанда ауылдар тірлігінен анық байқалады. Үкіметтің қолдауы мен бөлінген мақсатты қаржысын игеруде жерлестеріміз замана тынысын дөп басып, ортақ мүддеге барынша үлестерін қосып келеді. Осындай қарқынды даму барысында әр адамға деген әлеуметтік қолдау мөлшері республикада 123 мың теңге болса, біздің облысымызда 154 мың теңгеге көтерілді. Бұл жерлестеріміздің тұрмыс-тіршілігінің де жақсара түскендігінің белгісі. Міне, осы жетістіктерге әр ауданның өзінің қосқан қомақты үлестері бар. Солардың алдыңғы қатарында Жаңақорған ауданын атауға болады.

Табиғаты қолайлы ауданда алғашқы кезекте ауылшаруашылық саласын дамытуға толық жағдай бар. Өйткені, кешегі кеңестік жүйеде жеті кеңшары егіншілікпен, қалғаны мал шаруашылығымен шұғылданған оңтүстіктегі аудан

жұртшылығы жекешелендіру талабымен бөлініп кеткенімен, баяғы табан жолдан ажырамай еңбек етіп келеді.

Ауданда ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысатын 631 шаруашылық құрылымдарының 341-і егін шаруашылығы бағытында еңбек етеді. Оның ішінде 128 шаруашылық күріш өсіруді қолға алып отыр. Ортақ өгізден оңаша бұзауын артық санайтын шаруа қожалықтары өткен жылы ауданның даму жоспарын артығымен қамтып, жалпы егіс көлемін 30660 гектарға жеткізді. Немесе түрлі дақылдарды даму жоспарынан 3138 гектарға артық екті. Осы жерде бір шегініс жасап жіберуге тура келіп тұр, әрі-сәрі қол дауға түскен «Көксарай» су жинағышының құрылысы біткеннен кейін Жаңақорған ауданының түстігіндегі ең шеткі ауыл – Көктөбенің тұсынан үрлемелі тоспа салынды. Бұл Сырдария өзенінің аудан тұсындағы деңгейін керегінше көтеріп, дөңестеу жерге орналасқан егіс алқаптарын сугаруға мүмкіншілік жасады. Тоспаның салынуы бұрындары шілде айы туғаннан «Егініміз судан қала ма?» деп қауіп ойлайтын жаңақорғандық диқандардың көңілі кірбіңін шайып, сенімділік оятты. Яғни, алдын ала межелегеннен 3,5 мың гектарға таяу жерге артық егін егуге жағдайлары келді деген сөз. Оның ішінде барлық дөңді дақылдар 11535 гектар болса, 8019 гектары күріш,

2420 гектары бидай, дөңдік жүгері, мақсары, күнбағыс бар. Картоп пен бақша, көкөніс мөлшері де тәуір. Ауданда 4672 гектар жаңа жонышка егіліп, 11277 гектар ескі жонышка күтімге алынса, олардан орылған құнарлы жонышка аудан асып, Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше аудандарына сатылды. Нарық талабына сай әрекет ету деп осыны айтаса керек. Егіншілік мәдениетінде ауыспалы егіс деген қағида бар, жерді тоздырмай, оны күтімге алумен қатар әр дақылдан жоғары өнім алуға бастайтын агротехникалық шара.

Сондықтан егілген жонышка қыруар пайда әкелумен қатар жердің құнарын да арттырып отыр.

Былтыр 10 шаруашылық субъектісі «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 90,3 миллион теңге несие алуға қол жеткізді. Несие қаржысына барлығы 624 бас мүйізді ірі қара сатып алынса, оның ішінде 41-і асыл тұқымды ет бағытындағы ақбас бұқа және 583 бас тауарлы сиыр мен қашар.

Сонымен қатар мал шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары аясында шаралар қолға алынуда, бұл бағдарламалар қой мен жылқы саңын арттыру, оларды асылдандыру бағытындағы жұмыстардың атқарылуын қамтамасыз ететін болады. «Ақсенгір», «Нұрболат», «Ақжол», «Сүйіндік Ата», «Рахман», «Жания», «Парасат Нұр», «Мұқағали» шаруа қожалықтары жалпы 30 млн. теңге көлемінде несие алып, 4650 бас асыл тұқымды малды жерсіндіруге кірісті. Мал шаруашылығымен айналысатын шаруаларға мемлекеттің көмегі орасан зор екендігі жоғарыда айтылған көрсеткіштерден байқалса керек.



ЖОБА

ЖЕРЛЕС ӨНЕРТАПҚЫШТЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Қызылордалық өнертапқыш адамзат өмірін жеңілдетудің тың тәсілін ойлап тапты. Дәлірек айтсақ, өздігінен айналатын двигатель жасап шығуды жобалаған жерлесіміз әлемге жаңа өзгеріс, бәлкі сілкініс әкелетін жаңалық ашқанына сенімді. Ерекше жобаның авторы Серікбай Нұрғалиев – Қызылорда қаласының қарапайым тұрғыны. Мамандығы – автомеханик. Жеке кәсіппен айналысады.

Өткен жылы шілде айында ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі бірлесе ұйымдастырған «NIF50K» инновациялық бизнес-жоспарлар республикалық конкурсы өткен болатын. Серікбай Нұрғалиев соның жартылай финалына жетіп, дипломмен марапатталды. Конкурсқа келгеннен азамат қызылордалық өнертапқыштың жобасын қолдап, қатты қызығушылық танытыпты. Тарқатып айтар болсақ, аталмыш конкурста өтініш қабылдау басталғанда Серікбай Қызылорда облысындағы тиісті басқармалар, кәсіпкерлер палатасы, «Даму» қоры ұйытқы болған комиссияға өз

өтінішін қалдырады. Жалпы Қызылорда облысынан конкурста қатысуға 30 инноватор өтініш білдірген. Инновациялық бизнес-жоспарлар конкурсына келіп түскен жүздеген жоба арасынан байқау комиссиясы Серікбай Нұрғалиевтің «Өздігінен айналмалы энергия өңдегіш қозғалтқыш» атты жобасының ерекшелігін атап өтті. Ұйымдастырушылар қызылордалық инноватор-автомеханиктің жобасы аса маңызды және бірегей екенін жеткізді. Серікбайдың сөзінше, оның жобасы қоршаған ортаны ластамайды, еліміздің экологиялық жағдайын жақсартып, біркалыптандыруға үлкен септігін тигізеді. Кәсіпкер ойлап тапқан құрылғысын патенттеп үлгерген әрі жобасы машина жасау саласына жатады. Сонымен қатар, көлемді ауа қысымын реттегіш аспап болып табылатын қозғалтқыш күш беретін механизмдерге қолдануға жарайды. Себебі, аталған құрылғы пневматикалық энергияны механикалық энергияға алмастыра алады.

Инноватордың айтуынша, ойлап тапқан тендессіз қозғалтқыш – көлікті жанар-жағармайсыз, аккумуляторсыз жүйегізеді. Тіпті жер бетінде де, ас суында да жұмыс істей береді. Конструкциялық құрылымын кез келген көлемде жасауға болады. Сосын оны кез келген көлемдегі барлық технологияға, генераторға арнайы қондыруға болады. Сондай-ақ,

конструкциялық құрылысын жасау металдары аса қымбат емес.

– Өздігінен айналатын двигательдің қуаты мол. Вакуумдық камерасына өздігінен қысым қуатын бір-ақ рет жинайды және үдетіп отырады. Турасын айтқанда, айналыс-қозғалыс және өздігінен қысым жинау, үдеу қуаты шексіз. Двигательге тек ауа болса болды, лас па, таза ма, оған қарамайды, – дейді Серікбай Нұрғалиев.

Ендеше адамзат үшін ең тиімді жобаны ұсынып отырған қазақ инженерінің қолын байлап отырған не?

Қазіргі күні өнертапқыштың қолында жобаның сызбасы ғана бар. Теория жүзінде өбден зерттеп зерделеген құрастырушы оны тәжірибе жүзінде сынап көргісі келеді. Қаржы мәселесі шешілсе, инноватор қажетті мамандармен двигательдің компьютерлік моделін жасап, дайындаушы зауытқа өткізуді көздеп отыр. «Ол үшін ауаның қысымымен жүретін двигатель моделін жасауға кірісу керек», – дейді осы жобаның үйлестірушісі, Қызылорда облысы кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Сұлтан Әшімұлы.

С.Нұрғалиев өз двигателін алғаш рет 2007 жылы II Дүниежүзілік Ұлттық инновациялық конгресінде таныстырғаннан бері қаржылық қолдауға зор екенін айтып келеді.

Бірақ ниеті түзу жандар табылар деп үміт



етеді. Бірегей жобаны қолдар жағдай бола қалса, Серікбай жаңалығын «ЭКСПО-2017» көрмесіне ұсынабақ.

Ауаның ластануы, экологиялық қауіп-қатер, жерасты қазба байлықтарын шектен тыс пайдалану бүгінгі әлемнің басты тақырыптарына айналды. Тығырықтан шығудың жолы – жасыл экономиканы өрістетуге, мұнай-газды қажет етпейтін энергия көздерін ойлап табу. Ал сондай тың жоба Серікбай Нұрғалиевтің қолында тұр. Бұл ең алдымен еліміздің индустриялық-инновациялық дамуына, экономикамыздың қарыштап өсуіне ықпал ететіні анық. Олай болса, кез келген көлікті отынсыз отандыратын қозғалтқыштың отаны Қызылорда облысы болуына атсалысайық.

Дәурен ОМАРОВ.

ӘЛЕУМЕТ ӘЛЕУЕТІ БАСТЫ НАЗАРДА

Елбасының тапсырмасына сәйкес, бүгінгі таңда өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша да іргелі істер атқарылуда. Жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарлама шенберінде 560 адам шағын несиелеумен қамтылмақшы.

Байқоңырға байланысты түйткілді мәселелердің аз емес екені белгілі. Бұл 2013 жылдың басында Елбасының қатысуымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінде қаралып, нәтижесінде ресейлік әріптестермен тиімді келісімдерге қол жеткізілді. Бүгінде бұл өзекті мәселелер Байқоңыр ғарыш аймағымен қоса жүлдізды қалашықтың іргесіндегі Төретам кенті мен Ақай ауылдық округінің даму жоспарларын қамтитын «Жол картасы» негізінде жүзеге асырылуда. Ең бастысы, алдағы жана оқу жылынан бастап мұндағы 6 қазақ мектебінде білім нәрімен сусындап жүрген қарақөздеріміз өз еліміздегі білім стандарты бойынша білім алатын болды. Айта кетейік, бұған дейін осы білім шағының түлектері еліміздегі ұлттық бірыңғай тестілеуден тыс қалатын. Байыппап қараған жаңға мұның өзі аз жетістік емес.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста апаттық жағдайдағы мектептерді жою және балғындарды балабақшамен қамту ісі қарқынмен жүзеге асып жатыр. Тағы бір қуаныштысы, Сыр елінде балабақшалар саны жылдан жылға көбейіп келеді. Мәселен, статистикаға сүйенсек, нақты кезеңде 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту көрсеткіші 90 пайызға жуықтап қалыпты. Бұл «Балапан» бағдарламасының облысы-

мызда орындалуы жоғары деңгейде екендігін айқындайтын көрсеткіш. Жалпы, біздегі демографиялық өсімнің жоғары екендігін ескерер болсақ, осындай балабақшалар қатары әлде де көбейе берсе деген тілекті каламыз.

Енді осы басым сала үшін мамандар даярлау мәселесі күн тәртібіне шығатыны анық. Осы мақсатта өңірлік кәсіпкерлер палатасы және сервистік кәсіпорындар ассоциациясымен бірлесіп, қаладағы индустриялық-техникалық колледжге дуалды оқытуды енгізу қолға алынды.

Мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту шеңберінде Қызылорда қаласында 200 орындық жатақханасымен қоса, жаңадан 600 орындық кәсіптік-техникалық лицейінің құрылысын салу жобасы талқыланды.

Өткен жылға өкпе жоқ. Мысалы, былтыр облыста 30 мектеп пен 30-дан астам денсаулық сақтау нысаны қолданысқа берілді. Ал, биылғы жыл барлығы 15 мектеп пайдалануға берілді деп күтілуде. Оның 9-ы апаттық жағдайдағы мектептің орнын басады. Атап айтсақ, Арал ауданында 4 мектеп (Тоқабай, Жаңақұрылыс, Жінішқеуек және Ақеспе ауылдары), Қазалы ауданында 2 мектеп, (Сарбұлақ, Аранды ауылдары), Жалағаш кентінде 1 мектеп, Шиели ауданының Бала би ауылы мен 21-бекетте 2 мектеп салынады.

Осындай білім ошақтары Жаңақорған ауданының Талап стансасында, Қармақшы ауданының Ақай ауылында, Сырлария ауданының Шаған және Шіркейлі ауылдарында, сондай-ақ, Қызылорда қаласының Қорқыт ата мен «Ипподром» аудандарында ірге көтеретін болады.

Аймағымыз «Балапан» бағдарла-

масын орындаудан алдынгы қатарда келеді. Осы орайда 2013 жылдың соңына дейін 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамтуды 100 пайызға жеткізу көзделіп отырғанын айта кеткеніміз жөн. Бұл мақсатта жеке балабақшалар мен шағын орталықтар ашу бойынша, сондай-ақ, мектепке дейінгі мекемелерге оның ішінде қосымша 3400 орыннан кем емес мемлекеттік тапсырыс орналастыру бойынша жұмыстар жалғасын табады.

Енді денсаулық сақтау саласына келейік. Аймақ басшысы жыл сайын осы салаға бөлінетін қаржы көлемін артып келе жатқанын үнемі айтып отырады. Мұндағы негізгі басымдықтар болып бұрынғысына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің сапасын және қолжетімділігін арттыру, онкологиялық, кан, туберкулез ауруларын азайту, сондай-ақ мамандандырылған медициналық көмекті дамыту болып тұр.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауларында, сондай-ақ «Саламатты Қазақстан» бағдарламасында медицина саласын әлеуметтік стандарттарға сәйкестендіру туралы талап қойылған келеді.

Быыл медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін және сапасын жақсарту үшін Жалағаш кентіндегі ауысымы 250 келушіге арналған емхана мен Арал ауданы Сексеуіл кентінде ауысымы 100 келушіге арналған ауылдық емхананың құрылыстарын салу және Тасбөгет кентіндегі туберкулезге қарсы қалалық диспансердің ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу, сонымен бірге наркологиялық диспансердің «А» блогын қайта жаңғыртуды аяқтау көзделуде.

Осы жылы Қызылорда қаласындағы 200 төсек-орындық облыстық балалар ауруханасының құрылысы жалғастырылса, Жаңақорған кентінде тәулігіне 250 келушіге арналған емхана құрылысы басталады. Бұған қоса, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде 150 төсек-орындық орталық аудандық аурухананың, Қызылорда қаласы Тасбөгет кентіндегі 250 төсек-орындық емхананың, Арал ауданының Сексеуіл кенті мен Жаңақорған ауданының Төменарық және Қармақшы ауданының III Интернационал ауылдарындағы ауылдық ауруханалардың, сонымен қатар, 21 дәрігерлік амбулаторияның жоба-сметалық құжаттарын дайындау ісі аяқталады.

Бұған қоса Қызылорда қаласындағы 175 орындық онкологиялық аурухананың құрылысы бойынша жобалау жұмыстарын аяқтау көзделіп отыр.

Ашығын айтайық, бұрын-соңды мұндай жоспар жасалған емес. Аймаққа туған өңірдің түдегі жетекшілікке келгені жыл соңында алдағы жылға арнап облыс әкімінің іс-қимыл жоспары дайындалады. Ең қызығы, мұндай жоспар жасау жөнінде жоғарыдан берілген тапсырма жоқ. Ешкім талап етіп отырған емес.

Ең маңыздысы сол, жылдың соңында дәл осы іс-қимыл жоспардың негізінде облыс әкімі халық алдында есеп береді.

Осыған дейінгі 2 жылда іс-қимыл жоспарда көрсетіліп, үзде еткен шаруаның барлығы уақытында орындалғанын атап өткеніміз орынды болар.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ.

● ЖОЛДАУ

“МӘҢГІЛІК ЕЛ” ИДЕЯСЫНА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Жаһандық геосаяси жағдай аумалы-төкпелі болып отырған шақта біздің Елбасымыздың Жолдауы өте сәтті болды деп ойлаймын. Бұл еліміздің әрбір тұрғыны, әр азаматы үшін өте бір жақсы ой саларлық дүние болды. Өйткені, сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, Мемлекет басшысы бұл Жолдауда ұлттар арасындағы «бірлік» пен «келісім» және «бейбітшілік» сөздерін 30 рет қайталаған. Сондай-ақ, жолдардың жөндеуі мен инфрақұрылымды дамыту жайына қатысты нақты тапсырмалар жүктеген. Егер теңдік пен тұрақтылық, бейбітшілік орпаған қоғам болмаса, мұндай жобалардың жүзеге асуы екіталай. Сондықтан да, ұлттар татулығы жарасым тапқан қоғамда өмір сүре отырып, осы бірліктің кәдірін білуіміз

ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Ел Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауына облыстың шалғайында орналасқан ауылдық округ тұрғындары да қызу қолдау танытуда. Жұырда Қазалы ауданындағы Майдакөл ауылдық дәрігерлік амбулаториясында емхана қызметкерлері Елбасы Жолдауын талқылады.

Жиында ауылдық дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі Әлия Қартабаева Жолдаудың Сыр елі халқына айрықша серпін бергенін, маңызды құжатта тәуелсіз Қазақстанның алдағы даму жолында атқаратын істері айқын көрсетіліп, ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспарларын отырғанына тоқталды. Оған туындайтын мақсат-міндеттерді жүзеге асыру жолында сала қызметкерлерінің қосар үлесі ерекше екендігін жеткізді. Жиын барысында аталған емхананың қызметкерлері Гүлнар Бегенова мен Қазына Төребек Елбасының денсаулық сақтау саласына әрдайым ерекше қамқорлық танытып отырғанын

керек. Міне, бүгінде теңдіктің туын желбіреткен Елбасы көрегенділігінің арқасында біз биыл Қазақ хандығының 550 жылдығын, Ұлы Женістің 70 жылдығын, Конституциямыз бен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын атап өткелі жатырмыз. Мұның бәрі де азаматтық қоғам арасында төзімділікпен өзара түсінісе отырып, тең құқылы өмір сүруді қамтамасыз етеді. Ал мұның астарында «Нұрлы жол» Мәңгілік ел идеясына жетелейтіндігін аңғару аса қиындық тудырмайды.

Георгий КАН, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан кәрістері қауымдастығының вице-президенті.

айтып, елдің нұрлы болашағы үшін аянбай тер төгуге шақырды.

Жолдауда денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларының жалғаса беретіні туралы айтылғаны мәлім.

– Елбасының Жолдауына қолдау білдіру, ауыл тұрғындарының денсаулығы жолында аянбай тер төгу – біздің басты міндетіміз. Ал, Елбасының денсаулық сақтау саласына әрдайым қолдау көрсетіп отырғанына біз ризамыз. Әрбір азамат, әр маман өз саласы бойынша елдің өркендеуіне үлес қосып, елмен бірге өсіп отырса, халқымыз «Нұрлы Жолмен» жарқын болашаққа жетеді деп есептеймін, – делі бөлім меңгерушісі.

Сөзінің соңында емхана басшысы біздің бәрмізді «Мәңгілік Ел» идеясы біріктіретінін жеткізді. «Мәңгілік ел» – біздің жалпыұлттық идеямыз екендігіне тоқталып, осы жолда жұдырықтай жұмылып, еліміздің нұрлы болашағы үшін еңбек ете беруге шақырды.

Аралбай МӘМБЕТЖАНОВ.
Қазалы ауданы,
Майдакөл ауылы.

ЖЫЛ БЕДЕРІНДЕГІ БЕРЕКЕ



Индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығында ауданда бірнеше инвестициялық жобаның іске асырылуы жоспарлануда. «Шалқия ЦИМК ЛТД» АҚ «Тау-кен Самұрық» АҚ меншігіне өтті. Кеніштен кен өндіру және байыту фабрикасын салуға дайындық жұмыстары басталды. Мұнан басқа «Сырцементі» ЖШС жылына 750 мың тонна цемент шығаратын өндіріс орны, «Ожшахтоострой» ЖШС қуаты 75 мВт жел-электр станциясы, «Жаңақорғанэнерджи» ЖШС қуаты 50 мВт күн электр станциясын іске қосуды жоспарлауда. «Global Energy Company» компаниясы Шалқия және Жайылма елді мекендерінің аралығындағы Жаңбай өңірінде салынатын қуаты 24,94 МВт жел-күн электрстанциясын инновациялық жобасын қолға алса, «Астана LPS пласт» ЖШС полиэтилен трубалары зауыты жобаларын бастады. Қазір жобаны нақтылау жұмыстары жүргізілуде. Жобалардың жалпы құны 161,4 млрд. теңге. Жаңадан 1875 жұмыс орны ашылды.

Сондай-ақ, келер жылдары құс фабрикасы, темір-бетон зауыты, кірпіш зауыты мен минералды тынайытқыш өндіру цехтары өнімдер өндіріп, тұрғындарды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін болады.

Елді мекендердің сәулеттенбе тусуі сапалы құрылыстардың бой көтеруге байланысты екендігі түсінікті. Мәселен, биылғы жылдың өзінде

облыс әкімінің тікелей қамқорлығымен бірнеше әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Атап айтқар болсақ, үстіміздегі жылы Сүтті-құдық ауылындағы 600 орындық, Қосүйеңкі ауылындағы 200 орындық, Жайылма ауылындағы 250 орындық мектеп, Қожакең ауылындағы 90 орындық балабақша, Бесарық бекетіндегі 150 орындық клуб үйі, Көксай ауылындағы 140 орындық мектеп және Бесарық ауылындағы 150 орындық клуб үйі пайдалануға беріліп, тұрғындарды қуанышқа бөледі.

Президентіміздің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы әр мекемеде, ауылдарда қызу талқыланып, зор қолдауға ие болды. Нұрсұлтан Әбішұлының «Туелсіздік толғауы» да барына құнды құжат. Оны терең зерделеп оқу арқылы жастарымыз отан-сүйіштікке, бауырмалдылық тәрбиеленеді. Бұл орайда да жергілікті атқарушы орындардың атқару шаруалары орасан үлкен, сол сені үлесінен шығуға іс-қимыл жоспарымыз жасалынған, – дейді аудан әкімі Сұлтанбек Тәуіпбаев өз лебізіне.

Иә, әр кезең өз жауапкершілігін артады. Оны абыроймен атқару – қоғам мүшелерінің міндеті. Ол үдеден қажыры мен қайратын ортақ іске жұмылдырғандар шыға алады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

● ЖЫЛ ҮЗДІГІ

ЖАСТАР “ЖАСЫЛ ЕЛДІ” ЖАНДАНДЫРДЫ

Өңіріміздің дамуы мен өркендеуіне жастардың қосып жатқан үлесі орасан. Олар қай істің болмасын басы-қасында болып, белсенділік танытуда. Бүгінде елімізде жастарға деген қамқорлық басым. Мемлекет тарапынан олардың білім алуына, шетелдерде білімін жетілдіруге, тәжірибе алмасуға, жұмысқа орналасуға, белгілі бір кәсіппен айналысуға көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Осы орайда облыс көлемінде жастар ұйымдары құрылып, қазіргі таңда белсенді жұмыс атқаруда.



ген жобалар жүзеге асырылып, жастарды еңбекке тарту, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, өз қызметіне деген ынта-ықыласын арттыру, спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамту, кәсібин жандандырумен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға ықпал етіп келеді. Жұмыссыздық мәселесін шешу үшін екі қолға бір күрек таба алмай жүрген жастарды жұмыспен қамту негізінде “Бос жұмыс орны” жәрмеңкелерін тұрақты ұйымдастыру мен олардың білім алуына орай арнайы оқу курстарынан өтуіне ықпал етіп отыр. Сонымен қатар ғылымға бет бұрған жастардың басын қосып, олардың жұмысын көпшілікке таныстыру жайы да назардан тыс қалмаған. Аймақ жастары, белсенді жастар ұйымдарының өкілдері, көпбасшылар үнемі бас қосып жастар форумы, «дөңгелек үстел», кездесулер, акциялар өткізіп, қоғамның өзекті мәселелерін шешуде өз үлестерін қосып келеді.

Елімізде 2005 жылдан бастап Елбасы Н.Назарбаевтың “Қазақстан

экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында” атты дәстүрлі Жолдауы негізінде құрылған жастар ұйымы “Жасыл ел” студенттік еңбек жасағының жұмысы жылдан жылға жанданып келеді. Бұл еңбек жасағы еліміздің түкпір-түкпірінде өз жұмысын жүйелі атқаруда. Жастар еліміздің жасыл елге айналуына бел шешіп кірісті. Тіпті олар жазғы демалысын осы еңбек жасағы құрамында өткізетін болды.

Олар аймағымыздың көркейіп, көгалдануына, жасыл желекке орануына және түрлі гүлдермен көмкеріп жайнаутуға өз үлестерін қосуда. Көктем мезгілі жете бұл жастардың құрпалған ұйым жұмысқа қызу кіресілі. Ағаштарды күтіп-баптау, қызылдық жасылды гүлдермен көмкеру, көше тазалығы секілді жұмыстарды атқарады.

Осы бағытта “Жасыл ел” еңбек жасағына 2013 жылы 500 сарбаз тартылып, аталмыш қызметке 7 млн. 750 мың теңге қаржы бөлінсе, өткен жылы 1000 жас еңбек мәйданына араласып, бөлінген қаржы көлемі 26 млн. теңгеге құралды. Еңбек жасағының жастары тек мұнымен ғана шектеліп қоймай, облыстық штабтың ұйымдастыруымен “Менің таза қалам”, “Жаңадандыруды өз аулаңнан баста”, “Таза қала – таза ел”, “Жасыл жапырақ” секілді жобаларды жүзеге асырып келеді.

Осы негізде өткен Жылқы жылын қорытып, жемісті еңбек еткен мекемелер мен ұйымдар белгілі болып, облыс басшысы оларды марапаттады. Осы жиында “Жылдың ең үздік жас көпбасшысы” номинациясын “Жасыл ел” еңбек жасағының жетекшісі Жасұлан Алдабергенов иемденді. Жас көпбасшы мектеп қабырғасынан бастап қоғамдық жұмыстар мен түрлі іс-шараларға белсене араласатын. Кейін

жоғары оқу орнында да көзге түсіп, талай шаралардың өтуіне атсалысып, жастар ұйымының мүшесі атанады. Және оларға жетекшілік етіп жүрген талантты жастардың бірі.

– Еліміздің дамуы мен өркендеуі – әрбір жастың алдында тұрған үлкен міндет. Себебі келешектің тұтқасы жастарға жүктелген “Жасыл ел” еңбек жасағының негізгі мақсаты жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбиені нығайту, қаламыздың көркейіп-көгалдануына өзіндік үлестерін қосу және жұмыссыз жастарды еңбекке баулу болып табылады. Біз осы орайда тынымсыз еңбек етіп келеміз. Әрбір жас өрен өзі тұрып жатқан қаласының әлемі де көрікті болғанын қалайды. Сондықтан олар “Жасыл ел” еңбек жасағының құрамында еңбек еткенін мақтан тұтады. Жұмыстарына қарай еңбекқасын алып отырады. Және де біз олардың уақытын тиімді өткізу барысында үнемі қызықты шараларды ұйымдастырамыз. Осының дәлелі болуы керек “жасылдіктердің” қатары жыл өткен сайын артып келеді.

Сондай-ақ, мүмкіндігі шектелуі жастарды жұмыспен қамту да ұмыт қалған жоқ. Олар да қоғамның бір мүшесі болғандықтан білім алып, белгілі бір кәсіппен шұғылдануы тиіс. Алдағы уақытта да жастардың одан әрі белсенді жұмыс жасауы үшін түрлі іс-шаралардың өтуіне ымытқы бола береміз, – дейді жас көпбасшы Жасұлан Алдабергенов.

Осындай белсенді жастар барда қаламыздың көркейіп-көгалдануы заңдылық. Біздің де жастардың өздеріне артылған үмітті ақтайтынына сеніміміз мол.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

● БРИФИНГ

ЖУРНАЛИСТИКА – ПАРАСАТ-ПАЙЫМЫҢДЫ СЫНҒА АЛАТЫН ӨНЕР



Жұырда «Сыр Медиа» ЖШС жанындағы облыстық телекоммуникациялар орталығында жас журналистер үшін әсерлі кездесу өтті. Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйықты болуымен өткізілген брифингке «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, «Хабар» Агенттігі АҚ арнайы жобалар қызметінің жетекшісі Рахат Жақсыбай мен осы арнадағы бағдарламалар өндірісі дирекциясының шеф-редакторы, отандық танымал блогер Өркен Кенжебек келді. Қонақтар аймақтың ақпарат құралдарының жас буынына БАҚ-тың қазіргі жайы мен болашағы, әлеуметтік желілердің қарқынмен дамуы, сондай-ақ, халықаралық «Болашақ» стипендиясы бойынша шетелдерде білім алудың артықшылықтары мен жас журналистердің ізденіспен ілгері ұмтылуының маңызы туралы айтып берді.

Ел Үкіметінің «Дарын» сыйлығы бүгінде еліміздің жастары мен халықтың арасында көзге түсіп, түрлі салада жетектіктерге жеткендерге тапсырылатыны белгілі. Ұзақ жылдың мәресінде екі бірдей жерлесіміз «Журналистика» аталымы ая-

сында мемлекет тарапынан жастарға берілетін елдегі ең жоғары сыйлыққа қол жеткізді.

2014 жылы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы алғандардың қатарында БАҚ саласында жемісті қызметімен танылған «Хабар» агенттігінің тележүргізушісі Рахат Жақсыбай мен «Қазақстан» ұлттық арнасының Қытайдағы тілшісі Дәурен Омаровтың болғаны, әрине, қызылордалықтар үшін үлкен қуаныш.

Жалпы, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығы Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтарына қоғамдық, кәсіби жағынан танылған жемісті ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметі үшін беріледі. Айта кеткен жөн, сыйлық – ғылым, әдебиет, журналистика, спорт, халық шығармашылығы, дизайн және бейнелеу өнері, эстрада, театр және кино, классикалық музыка, қоғамдық қызмет, яки 10 аталым бойынша тағайындалады. Екі жылда жалқы рет өткізіліп тұратын бұл конкурсты ҚР Білім және ғылым министрінің жетекшісінен 1-і мен 27-сі аралығында ұйымдастырып тұрады. Аталған сыйлықтың 1999 жылдан бері әр салада

табысты еңбек етіп жүрген талантты да белсенді жастарға беріліп келе жатқанын еске сала кетейік.

Өуелден қалың көрермен аудиториясына «Азамат», «Төртеу түгел болса» телебағдарламаларының редакторы, «Сонымен, солай дейік», «Біз» ток-шоуларының жетекшісі және жүргізушісі ретінде танымал болған Р.Жақсыбай ақпарат майданының алғы шебінде жүрген жауынгерлердің бойында болуы тиісті қасиеттерді тарқатты. Оның пікірінше, журналистің бойында 7 қасиет болуы тиіс. Иә, расында журналистік кәсіп кісілігің мен қабілетіңді, пайым-парасатыңды сыңға салатын өнер. Жетеудің алғашқысы – жанашырлық. «Жанашырлықпен жазылған мақала мен сюжеттің соңы ғана берекелі болады», – деп атап көрсетті ол.

Екінші, тілші берік ұстануды болғаны жөн. Келесісі – қолына қалам алған жас тілші жазу машығын қалыптастыруы шарт. Оған еңбекпен ғана қол жеткізесіз. Дамыған жұрттың журналистикасында жанарына сөз болды. Бүгінгі журналистиканың басты талаптарына – оперативтілік пен қысқалық, жинақылық пен

жетілді. Бұл бір жағынан артықшылық болса, екінші жағынан кемшілік. Сондықтан да болар, мәселен, бізде экономика тақырыбының терең білгірлері аз. Алтыншысы – білікті арттыру, соңғысы – мотивация.

Р.Жақсыбай журналистке жан-жақтылық, қиялы ұшықар алғырлықтың маңызы зор екендігін жеткізді. Осы тұста Р.Жақсыбай Алаш ардақтыларының өмірінен мысал келтіріп, аймақтық жас тілшілерді ел тағдыры үшін қиын заман саналған алмағайым кезеңде ұлт шексіз сүйе білген тұлғалардан үлгі алуға шақырды.

Кезек танымал блогер Өркен Кенжетайға келгенде «Көпті жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра» дегенге тағы бір көз жеткендей болды. Белсенді блогер әлемдік интеграцияға қосылған бүгінгі журналистиканы дамытуда жанаша көзқарастар қажет екендігін еске салып, өзінің тәжірибесінен мысалдар келтірді. Нақты кезеңде техника мен технологияның жанарына сөз болды. Бүгінгі журналистиканың басты талаптарына – оперативтілік пен қысқалық, жинақылық пен

нақтылық шыққаны, ақпарат көзінің көбейіп, ғаламатқа деген қолжетімділік артқан сайын БАҚ арасындағы бәсеке күн санап күшейіп келе жатқаны айтылды. Жана медианың мүмкіндіктері мен болашағы туралы ойлармен бөлісті.

Брифинг соңында Р.Жақсыбай ҚР Президенті жанындағы халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиясын атанғанын жеткізіп, өзінің «Адам ресурстарын басқару. Жобаларды басқару» мамандығы бойынша Ұлыбритания астанасына 2 жыл мерзімге оқуға кеткелі жатқанын, елімізде журналистика саласы бойынша мұндай мүмкіндіктің бытыр ғана ашылғанын айтып, мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдауға көкейдегі сауалдарын қойып, алғыстарын арнады.

ДАЙБОЛАТУЛЫ.

ӨНЕГЕСІ КӨПКЕ ОРТАҚ



Тағы бір айта кетерлігі, бұл халықтың тойы ерекше тойланады. Қонақжай бауырларымыз қашанда мейрамына дастарханын мол жайған. Бір қызығы онда ерлер мен әйелдері бөлек билеп, өз ортасын құрады. Қызға құда түсу салты жасалып, екі жасты үйлендіреді. Қазақта отыз күн ойын, қырық күн тойын деген сөз бар болса, бұл тенеу өзбек халқына да айтылған деуге болады. Өзбек ұлты да барын тойға шашады.

Дініне берік, тіліне бекем бауырлар ұлттық құндылықтарын сақтап, кейінгі ұрпаққа қалпын бүзбай жалғастырып келеді. Ислам дінін дәстүрімен қалыптастырып, салтпен сабақтастырып отыр. Олар өзіміздің мұсылман бауырларымыз. “Қызын бойжеткен ұзатқа асық” деген қазақы ұғым бұл ұлтта да берік сақталған. Мектеп бітірген қызды мамандық алумен қатар отбасын құруды алдының орнына қояды. Нәресте өмір есігін ашқанда жасалатын ырымдар да бала болашағымен тікелей байланыстырады. Әсіресе, бала өмірге келгенде оны қырық бір күн өшімге көрсетпейді екен. Тек сол күн толған кеште ғана жақын туыстарын шақырып, нәрестені бесікке алғаш салып, ырымын жасайды. Жана туған баланы бірден бесікке салу, бала өміріне зиян әкеледі деп ұғынған. Себебі бесік шайқалғанда балаға ауыртыпшашылқ болады деп есептеген. Сондықтан қырық бір күннен кейін ғана бесікке бөлеген. Бала ержеткенше ата-әжесінің тәрбиесінде болады.

Сонымен қатар түркі елдеріне ортақ ең үлкен мейрам Наурыз мерекесіне де үлкен дайындық жасайды. Белгілі ұлттық тағамдарын дайындайды. Ұлттық киімдерін киіп, мерекені жоғары деңгейде атап өтеді. Ұлттық колөнер бұйымдары көрмесін, би, ең шырақп, татулыққа бірлікке шақыратын жылы лебіздерін білдіреді. Мәселен, мейрамда халының 8 түрін, “Сумалақ” секілді дәмдерін дастарханға қояды. Бізде Наурыз мерекесінде “Наурыз көже” жасасақ, өзбектер “Сумалақті” ерекше әсермен жасап шығарады. “Тату елге тыныштық пен татулық нәсіп” деп Күлтегін бабамыз айтқанда, біздің берекеміз бірлік пен ынтымақ, татулыққа екені айдан анық. Осы тұста айта кетерлігі, облыстағы өзбек мәдени орталығы өкілдері өңірміздегі өтіп жатқан шараларға белсене араласып келеді. Ұйымдастырылған шаралар барысында ұлтаралық келісімді нығайту, бірлік пен татулық идеялары мен патриотизмді насихаттауға үлкен мән берілген. Сонымен қатар олар өзіннің ділін, ана тілін мен мәдениетін сақтауды ұлттық мәдени орталықтың міндетіне жатқызды. Сондай-ақ облыстағы өзбек мәдени орталығы белсенді і-әрекеттерімен ерекшеленді. Олар түрлі қоғамдық маңызы бара шараларды да жиі ұйымдастырып отырады. Тақырыптық кештер, ардагерлерді құрметтеу, ұрпақтар кездесуі, фестивалдар, мемлекеттік және ұлттық мерекелерді кең көлемде атап өтеді. Түрлі ұйымдармен, жастармен етене араласып, тығыз қарым-қатынасқа жұмыс жасап келеді.

Бірігіп жарасқан елдің көрегесі берік. Мемлекетімізді үлкен бір отбасы деп алсақ, онда сан ұлтты біріктіріп, бір атынан баласындай ынтымағы мен татулығы жарасқан ағайындылар өмір сүруде. Өзбек ұлты да қазақтың бір бауыры. Елдегі жүзеген ұлттардың татулығы ұйысқан һәм ынтымағы мен бірлігі жарасым таба берсін.

САРА ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

БІРГЕМІЗ – БЕРІК ІРГЕМІЗ

Бүгінде төрткүл дүние Қазақ елін халқының татулығымен, жарасымды ынтымағы және бекем бірлігі арқылы таныды әрі құрметтейді десем болады. Себебі, Қазақстан үшін ең басты құндылық – ұлттар достығы. Біздің Отанымыздың үнемі нұрланып, мерейінің үстем болып тұратыны да сондықтан. Осыдан жиырма жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бас-тамасымен ұлттар мен ұлстарды ұйыстырушы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Мемлекеттің ұлттық саясатын жүргізудегі негізгі тұтақа саналатын оның казіргі таңда өзінің маңыздылығын көрсетіп отыр. Сол себепті де айтулы мерекесіе орай билік елімізде Ассамблеия жылы жарияланды. Мерейлі күнді республиканың түпкір-түпкірі атап өтетін болады. Мұндай маңызды шаралардан сан ұлтқа сая болған Сыр елі де аныпм қалмақ емес.

Бұл ретте өңірде этностық қатынасты, ұлттық мәдени орталықтар мен бірлестіктердің қызметін нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Себебі, бірлестіктерсіз облыстағы патриоттық ақиялар, этномәдени күндер, халықтық мейрамдар, танымдық-көпшілік шараларды елестету де мүмкін емес. Осылардың барлығы облыс

тұрғындарын ұлттар мен ұлстардың ең қырлы сапт-дәстүрлерімен танысып қанығуына, мәдениеттердің жақындалу түсуіне, бір-бірін толықтыра түсуіне әсер етеді. Біздің татар қоғамдық-мәдени бірлестігі де жылдағы дәстүрге сай мерекені тойлауға бірлесе атсалысақ. Өйткені, бөрінің білетіндей, билы өзге шараларды айтағанда, татар халқының ерекше күтетін «Сабантүйі-2015» мерекесі республикалық деңгейде тойланып өтпек. Оған Татарстан елінен қонақтар келеді деп күтілуде. Қазір қызу дайындық басталып кетті. Сондай-ақ, үстеміздігі жылы өңірде «Достық үйі» де пайдаланылуға берілімек. Бұл да біздің үшін үлкен қуаныш болып отыр.

Жалпы, Елбасының билығы жылда «Ассамблеия жылы» деп жариялауды барша елді бірлікке шақырғандай. Осылай әрдайым бейбітшілік аясында ынтымақпен өмір кешсек, еліміздің аял асуы мол болады деп білемін. Еліміздің ертеніне деген сенім оты ешқашан өшпесін.

Галия ГИЗАТУЛЛИНА,
облыстық “Татар қоғамдық-мәдени орталығы”
қоғамдық бірлестігінің жетекшісі.

● ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ХОРВАТИЯ: ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ӨТТІ

Хорватия елі 1991 жылы өз тәуелсіздігін алған кезінен бергі тарихында алғаш рет әйел адам ел президенті болып сайланды. Хорватия елінің казіргі президенти, 57 жастағы социал-демократ Иво Йосипович жеңгенбі әрі өткен мемлекет басышынан кезекті сайлауда жеңіліске ұшырап, өзінің орманғағы оппозиция атынан шыққан үміткер, 46 жастағы Колинда Грабар-Китаровичке ұсынуға мәжбүр болды.

Жеңгенбі күні сайлаушылар Грабар-Китаровичке 50,43 пайыз дауыс берген, ал Йосипович 49,57 пайыз дауыс жинаған. Азаматтардың сайлауға қатысуы 58,9 пайызды құрады.

ИНДОНЕЗИЯ: ҚАЗА ТАПҚАНДАРДЫҢ ОТБАСЫНА ҚАРЖЫ БЕРІЛЕДІ

AirAsia компаниясы Яван теңізінде апатқа ұшыраған ұшақта қаза тапқандардың отбасына 99,4 мың доллардан төлейді. Бұл туралы Индонезиядағы әуе тасымалдаушының еншілес компаниясының президенті Суну Индьятмоко мәлімдеді.

Естеріңізге болса, 2014 жылдың 28 желтоқсанында AirAsia ұшағы индонезиялық Сурабая қаласынан ұшқаннан кейін шамамен 40 минут өткен соң ралардан жойылған. А320-200 бортында 155 жолаушы мен 7 экипаж мүшесі болған. Бүгінде құтқарушылар QZ 8501 рейсінң бортында болған 41 адамның мейітін тапты.

ПЕРУ: ІРІ АПАТ ОРЫН АЛДЫ

Перуде автобус сайға құлап, 23 адам мерт болды. Ал 35-і жаракат алған. Қайғылы оқиға Канчич провинциясында орын алды. Шетелдік БАҚ-тың хабарлауынша, автобус тиегісі болған компанияның аталыш өңірде жолаушылар тасымалын іске асыруға лицензиясы болмаған. Сондай-ақ тексеру кезінде автобус жүргізушісі рульге не бола алмай қалғаны анықталды.

НИГЕРИЯ: ОН ЖАСАР ҚЫЗ 19 АДАМНЫҢ ӨМІРІН ҚИДЫ

Нигерияның Майдугутри қаласында 10 жасар қыз базарда өзін-өзі жарып жіберіп, 19 адамның өмірін қиды. Тағы 20-ға жауы жаракат алған. Ланкестік әрекет жазарда адам көп жиналған кезде болған. Әзірге бұл қантөгісті ешбір экстремистік ұйым өз мойнына алған жоқ. Бірақ жергілікті полицейлер жарылыстың артында «Фокс Харам» содыларын тұруы мүмкін дейді. Себебі осының алдында осы Майдугутри қаласында боқаралардың радикалдар бірнеше шабуыл ұйымдастырған болатын. Бұл ланкестік ұйым Нигерияның солтүстік-шығысындағы біраз жерді басып алған. Олардың мақсаты – дін атын жамылған халифат орнату.

Қызылорда облысы әкімінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №32 шешімі
Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу Тізімінде 08. 01. 2015 жылғы № 4832 тіркелген

Қасқырлар мен шибөрілерге қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы

«Республикадағы жылқыштардың жекелген түрлерінің санын реттеу жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 қыркүйектегі № 1230 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аңшылар мен аңға шығушыларды материалдық ынталандыру мақсатында:
- 1) әрбір олжаланған ересек қасқырға (терісінң құнысыз) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
- 2) әрбір олжаланған бөліртікке (терісінің құнысыз) он еселенген айлық есептік көрсеткіштің 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде;
- 3) әрбір олжаланған шибөріге (терісінің құнысыз) он еселенген айлық есептік көрсеткіштің 50 (елу) пайызы мөлшерінде сыйақы көзделесін.
2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі:
- 1) экобиологиялық тепе-теңдікті сақтауды ескере отырып, мүдделі мемлекеттік органдарымен бірлесіп, қасқырларды және шибөрілерді атуды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайсын;
- 2) осы шешіммен туындайтын басқа да шараларды қабылдайсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожанязова жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. КӨШЕРБАЕВ.

ЖОБА

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТІДІ:**

1. Қоса берілген «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын

Қызылорда облысы әкімінің 2014 жылғы «__» № ____ қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ереже

1. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқарма) ведомстволық бағыныстағы аумақтық медицина және денсаулық сақтау саласы қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын орындауға уәкілеттілік алған, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органы болып табылады.
2. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. Басқармаға қатысты қоғамдық маңызы ету жөніндегі шараларды қабылдайсын;
3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Ұкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды туғыз болып табылады, мемлекеттік тілде өз атуын бар мөрі мен мөрталбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. Басқарма өзгеріс заңдарға сәйкес өзін уәкілетті берілетін болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Басқарма өз қызметінің мәселелері бойынша заңнамда белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделген шешімдер қабылдайды.
8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды туғызып тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 үй.
10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.
11. Осы Ереже Басқарманың құрылғы құжаты болып табылады.
12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.
13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсетуе тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен берілген қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері
14. Басқарманың миссиясы: Қызылорда облысының медицина және денсаулық сақтау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға өзге де денсаулық сақтау саласында денсаулық сақтау саласында қалағандай жүзеге асыру болып табылады.
15. Міндеттері:
9. Заңды туғызып тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 үй.
- 2) халықтың денсаулығын қорғау;
- 3) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, медициналық көмектің көлемін қамтамасыз етуге қатынасу;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де міндеттерді атқаруы.
16. Функциялары:
- 1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда;
- 2) уақытша бейімдеу және детоксикациялау жөніндегі медициналық қызметтер көрсетулі қоса алғанда, азаматтардың тегін медициналық көмектің көлемін берілген көлемін алу құқығын іске асыруын қамтамасыз етеді;
- 3) уақытша бейімдеу және детоксикациялау орталықтарындағы адамдарды күтіп-бағуға бақылауды жүзеге асырады;
- 4) қан мен оның компоненттерінің ерікті өтеуіс донорлығын дамыту жөніндегі шараларын іске асыруын қамтамасыз етеді;
- 5) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарын құру туралы облыс әкімінің қаулы жобасын әзірлейді;
- 6) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының қадрмен қамтамасыз етілуін бақылауды ұйымдастырады;
- 7) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін дамыту мен оларды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі, оның ішінде дәріханадан мемлекеттік желісін дамыту және дәріхана қоймаларын құру жөніндегі шараларды қабылдайды;
- 8) денсаулық сақтаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларының қызметін үйлестіреді;
- 9) тотенше жағдайлар, тотенше жағдай режимін енгізу кезінде тегін медициналық көмек көрсетулі, дәрілік заттарын және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді;
- 10) денсаулық сақтау саласындағы оңіраралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 11) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес медициналық және фармацевтикалық қызметті, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;
- 12) медицина және фармацевтика қадрларын даярлауды, олардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлау қамтамасыз етеді;
- 13) денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 14) белгіленген ұлттық стандарттарды сақтай отырып, халықа білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсетулі, оның ішінде әлеуметтік мән бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың профилактикасын және олардан емделуі, оған қоса тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрмен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 15) мүмкіндігін шектеулі балаларды ата-анасының немесе өзге заңды

Қызылорда облысы әкімінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №783 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу Тізімінде 09. 01.2015 жылғы № 4836 тіркелген

«Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 756 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТІДІ:**

1. «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қарашадағы №756 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде 4790 нөмірімен тіркелген, «Сар бойын» және «Қызылординскне весті» газеттерінде 2014 жылғы 15 қарашада жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- аталған қаулының орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізіліп, мемлекеттік тілдегі нұсқасы өзгеріссіз қалдырылсын;
- аталған қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса берілген «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін»;

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі».

2. «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдайсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжетханұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. КӨШЕРБАЕВ.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. КӨШЕРБАЕВ.

шараларды қабылдайсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжетханұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнаммен бекітілген тәртіппен қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы.

2) Басқарма: заңды және негізделген шешімдер қабылдауға; қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге; қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты, Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысының облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалған және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда басшылықты білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлерін заңнамға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлеріне заңнамда белгіленген тәртіппен және қолданыла және көтермеуе шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасалды;

9) сенімхаттар береді;

10) өз қызметін ұйымдастыру және оның ішкі тәртібі мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

11) сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;

12) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

13) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

14) Басқарма сөйлеу және жекесей құлгері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызметтерді атқаруға қатынасуға құқылы;

15) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

18) және тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

20. Басқ

АРДАГЕРЛЕР – АБЗАЛ ЖАНДАР

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен “Қазсуар” РМК “Арал” салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалында бастауыш ардагерлер ұйымы ашылды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов Арал-Жаңақорған өңірінен жиналған ардагерлерді құттықтап, олардың қуаныштарына ортақтасты.

БАСТАУЫШ ҰЙЫМ ҚҰРЫЛДЫ

Сонау 1950 жылы Қызыл-орда бөгеті құрылысын қаржыландыратын дирекция болып құрылған мекеме 1957 жылдан бастап Жанадияра мал жайылымын суландыру каналы мен Қызылорда солжаға бас каналының құрылысын қаржыландырды, ал алпысыншы жылдардан бастап аймақтың егістік алқабын инженерлік жүйеге келтіру жұмысын қаржыландыратын “Глав-рессовхозстрой” бас басқармасына қарайтын ірі дирекцияға айналды. Ал Сыр бойының егістік алқабы кең көлемде игерілгеннен кейін 1988 жылы РМК “Арал” құрылысы

салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы болып қайта құрылды. Филиал директоры Имам-дин Оңғарбаев мекеменің Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиелі және Жаңақорған аудандарының елді мекендерін ауыз сумен қамтамасыз етіп келе жатқанын атап өтті. Онда барлығы 720 адам жұмыс істейді. – Болашақта филиал бастауыш ардагерлер кеңесінің 42 мүшесіне мекемеден демалыс бөлмесін ашу, жолақысын төлеу, өзге де жеңілдіктер жасалды.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҰСТЫНЫ

АДАМНЫҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ БАЛА ДЕГЕН...

Дана Абайдың осы бір өлең жолында керемет ой жатыр. Себебі, әр халық баласының келешегіне терең үніліп, ертеңгі күні орнын басар ізбасары, өмірінің жалғасы деп бағалаған. Соның ішінде балажанды қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіндегі өзіндік бай тәжірибесі, мазмұнды да, дана ой-пікірлері жетерлік.

Ендеше, қай заманда болмасын, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең күрделісі өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы, елжанды ұрпақ тәрбиелеу.

«Әлемде екі қиын да күрделі іс бар: ол мемлекет басқару және бала тәрбиесі» деген аталы сөзге жүгінесек, сол бала тәрбиесі сияқты күрделі жұмыста санасы әлі жетіліп үлгермеген жасқа отбасындағы тәрбиенің алар орны ерекше.

«Бала тәрбиесі – бұл ата-аналардың ерекше борышы» - деген Елбасымыздың ойлы сөзінде бұл іске үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін аңғартады. Сәл уақыт өткенге көз жіберіп қарайтын болсақ, халық педагогикасы тәрбие ісін баланың жас ерекшелігіне ескере отырып, жүргізуді талап етеді. Мысалы, «Ұлына бес жасқа дейін патшадай қара, он бес жасқа дейін қоспыңдай сана, он бес жастан асқан соң ақылшы досыңдай бағала» - деген мәтел, баланы еркін тәрбиелеудің, көмекшім деп үмітпен қараудың, ақылшым деп санаудың қажеттілігін айқындап көрсетеді.

Демек, ұрпақ тәрбиелеу – әрбір отбасы алдындағы жауапты міндет. Баланың мінез-құлқының қалыптасуы, рухани оянуы өз отбасынан бастау алады. Күн нұрына қарап өсетін күнбағыстай сәби де ата-ананың, туған-туысанының іс-әрекетіне, мінез-құлқына еліктейді. Жас бұын әбден ер жетіп, ақыл тоқтатқанша әрқилы мінез өзгерістеріне түседі.

Бала тәрбиесіндегі ең ауыр кезең 13-14 жастан басталады. Бұл жаста бала организмінде күрделі физиологиялық өзгерістер болады. Осы кезеңде мінез-құлқында бұрын байқалмайтын көріністер сезіледі. Бала сезімі бұл кезде өте нәзік, сезгіш, ұшқыр кейбір сөтте сөз көтерімейтін ашушаң, жақсыны да, жаманды да тез қабылдағыш келеді, өз пікірі, өзіндік өмірге деген қозғарысы қалыптасады.

Қазақ халқының балажандылығы сондай, бала күлкісімен өсіп, қартайды және жылы-жұмсағын солардың аузына тосып, жылытыраған жақсысын үстіне іледі.

Бұл істе мұқият болған дұрыс. Талдау кезінде жасөспірімдердің қылмыс жасауы сабақтан тыс уақытта болатыны анықталды. Сабақ денгейін қадағалап, тапсырма беріп отырса, бес уақытын кіммен, қалай өткізетіні, қай жерде, немен айналысатыны жіті сұралса, бала көп келеңсіз іске ұрынбас еді.

1 қаңтардан бастап жаңа қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару және Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстер заңды күшіне енді. Енді жаңа қылмыстық кодекске сәйкес, қауесет тараған адамдар қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болады.

ҚАУЕСЕТ ЖАЗБАҒА ДА ЖАЗА БАР

Қылмыстық кодексте «Жалған мәлімет тарату» деп аталатын бапта ең ауыр жаза ретінде 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Нақтылап айтсақ, БАҚ-та немесе әлеуметтік желілер арқылы өсек таратқан адамға 5 000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады немесе түзету жұмыстарына жіберіледі. Сондай-ақ, бас бостандығынан 2 жылдан 5 жылға дейін шектелуі мүмкін.

Сонымен қатар, жаңа технологияны пайдалана отырып лаңкестік және экстремизм көрінісін, радикал идеологияны таратуға жауапкершілік қатандады. Бұдан былай шетелдердегі қарулы қақтығыстарға қатысқан адам қылмыстық жазаға тартылып, бапта жазылғандай 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

Еске сала кетейік, ҚР жаңа Қылмыстық кодексі мен «ҚР Қылмыстық заң жобасын жетілдіру мәселелері жөнінде кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға Қазақстан Президенті 2014 жылдың 3 шілдесінде қол қойған еді.

Н.САҒАДАТ.

СПОРТ

ЭЛИЗАБЕТ ТҰРСЫНБАЕВА – ЖЕҢІМПАЗ

Үстіміздегі жылдың 7-11 қаңтар аралығында Польшаның Торунь қаласында мәнерлеп сырғанаудан «Mentor Nestle Topu Cup» халықаралық турнирі өтті.

Аталмыш турнир жыл сайын халықаралық коньки спорты одағы кестесіне енетін жарыстардың бірі саналады. Дүбірлі долаға қатысушылар жеке-кей сырғанау, жұптасып сырғанау және муз үстіндегі би бағдарламалары бойынша бақ сынады.

Жеке-кей сырғанау бағдарламасында сыңға түскен Элизабет Тұрсынбаева кезекті жеңісіне қол жеткізді. Ол – Қазақстанның намысын қорғаған жалғыз мәнерлеп сырғанаушы. Элизабет енді наурыз айының басында мәнерлеп сырғанаудан жастар арасында өтетін Әлем чемпионатына қатысады.

Айта кетелік, былтыр Элизабет халықаралық деңгейдегі 6 жарыста алдына жан салған жоқ. Соның нәтижесінде жеңімпаз тұғырынан көрініп, жерлестеріне толайым қуаныш сыйлады.



ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ШЕБЕРЛІГІН ДӘЛІЛДЕДІ

Шымкент қаласында «Caspian Engineering Company» жүлдесі үшін шайбалы хоккейден жасөспірімдер арасында халықаралық турнир мәресіне жетті. Аталмыш турнирге Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары және Қырғызстаннан 4 команда қатысты.

Турнирдің алғашқы күнінде қызылордалық хоккейшілер Бішкек қаласының «Ильбирс» командасымен кездесіп, олардан 2:5 есебімен жеңіліп қалды. Жарыстың келесі күнінде Шымкенттің «Армдасын» 7:1, соңғы ойында «Оңтүстік бүркіт» командасын 11:8 есебімен жеңді. Осының нәтижесінде жерлестеріміз күміс жүлдегер атанды. Бішкек қаласының «Ильбирс» командасы бірінші орын алды. Үздік үштікке «Армада» командасы не болды.

Біздің өңірде шайбалы хоккейден үйірменің ашылғанына небәрі бір жыл ғана өтті. Осыған қарамастан, қызылордалық өрендер өздерінің шеберліктерін шыңдалып келе жатқанын дәлелдеді. Команданы жарысқа шайбалы хоккейден облыстың аға жаттықтырушысы Талғат Әкімжанов дайындады.



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті теміржолшы, қалалық мәслихаттың депутаты, «Алматы Вагон Жөндеу Зауытының» «Жолаушыларвагондарынжөндеу-1» филиалының директоры Алтынбек Сембіұлы Әбдіреәвті 60 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қадірлі Алтынбек Сембіұлы! Осындай мерейлі күні Сізге шын көңілімізбен қажымас қайрат, бойыңызға қуат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Бола-ла жолымыздың кешегісі мен бүгінгісіне арнап тынбай атқарып келе жатқан қызметтеріңіз, қоғамдық тіршілікте де жасап келе жатқан игі істеріңізде бұдан былай да азаматтың биік тұғырынан көріне беріңіз демекпіз.



Құрметпен, «АВЖЗ» АҚ Қызылорда «Жолаушыларвагондарынжөндеу-1» ұжымы атынан филиал әкімгершілігі, кәсіподақ ұйымы.

ТӘЛІМ

КӨРГЕНДІ КЕЛІН – ШАҢЫРАҚ СӘНІ

Жалаңтөс батыр ауылында келіндер сайысы болып өтті. Ауыл әйелінің қоғамдағы орнын белгілеу, жас келіндерді ибалылыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған сайысқа Басықара, Құмжиек, Қарашеңгел, Ғ.Мұратбаев ауылдық округтерінен төрт келін қатысты. Олар өздерін көпшілікке таныстыру, сұраққа жауап беру, өз өнерлерін ортаға салу, қолөнер бұйымдарын дайындау және салт-дәстүр туралы көріністер көрсетуден сыңға түсті.

Сайысқа ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымы, зейнеткер Дариха Қалмырзаева бастаған қазылар алқасы төрелік жасап, жас келіндердің өнерін сарапқа салды. Ибалы келіндердің әдепті қимыл-қозғалысы, сабырлылығы мен ақылдылығы, үлкендерге құрметі мен кішіге ізеті, киім кию үлгілері қатаң сыналды. Дегенмен, әрбір талапкер қатысушының сайыста оң баға алуға тырысып баққаны анық байқалды.

Нәтижесінде Ғ.Мұратбаев ауылының келіні Мәлдір Ешниязова «Шебер келін» номинациясымен, Қ.Пірімов ауылының келіні Гүлнұр Сайлаубайқызы «Өнерлі келін» но-

минациясымен, Басықара ауылының келіні Нұрғұл Қалмырзаева «Тәлімді келін» номинациясымен, Жалаңтөс батыр ауылының келіні Әйгерім Әбдіраман «Ибалы келін» номинациясымен марапатталды. Жүлдегерлерге арнайы дипломдар және бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Мұндай берер тәлімі мол шараны жиі ұйымдастыру жастардың отбасылық өмірге онтайлы бейімделуі, олардың ұлттық салт-дәстүрді терең меңгеруін тездетеді. Сонымен қатар үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарауға үйретеді.

Г.РЕЙМБЕРГЕН.

Қазалы ауданы.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ТҰМАУДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУ ҚАЖЕТ?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде тұмаудың салдарынан 3-5 млн. ауыр оқиға мен 250-500 мың өлім-жітім тіркеледі. 2013 жылы Қазақстанда санитарлық-эпидемиологиялық сараптау және бақылау ғылыми-практикалық орталығының мәліметінше желел респираторды вирусты инфекцияның 894 мыңнан астам оқиғасы мен тұмаудың 896 оқиғасы тіркелген.

Облыс бойынша тіркеліп отырған жұқпалы аурулардың 80-90 пайызы желел респираторды вирусты инфекциялар үлесіне тиеді. Өткен жылдың 6 айында желел респираторды вирусты инфекциямен (ЖРВИ) 11 556 жағдайы тіркеліп, аурушандық көрсеткіш 1636,83-ті құрады. Ауруға шалдыққандардың 76,2 пайызын 14 жасқа дейінгі балалар (8816) құрайды. 2013-2014 жылғы эпидемиологиялық маусымда облыс тұрғындары арасында тұмау ауруының 58 жағдайы тіркелді, оның 63,7 пайызын 14 жасқа дейінгі (37) балалар құраған.

Тұмау – адамнан адамға тез жұғатын желел вирустық инфекция. Тұмау әлемге таралған және онымен кез келген жастағы адам ауыруы мүмкін. Мезгілді тұмаудың үш түрі бар. А, В және С. А типті тұмау вирустары және вирустық жоғарғы ақуыздарының үйлесіміне қарай бөлінеді. Қазір А

типті тұмау вирусының түрлерінің арасында А(H1N1) және А(H3N2) тұмау түрлері таралған. Мезгілді тұмау дене қызуының көтерілуімен, жөтелмен (өдетте құрғақ жөтелмен), бастың ауруымен, бұлшық еттер мен буындардың ауруымен, қатты ауыру (өзін-өзі нашар сезіну), тамақтың ауруымен ауырып жатқандары. Ауруды жұқтыру мен ауыру аралығы инкубациялық кезең ретінде екі күнге дейін созылады.

Вакцинация – инфекцияның алдын алудың ең тиімді жолы. Дені сау адамдарда тұмауға қарсы вакцина бір қалыпты қорғанысты қамтамасыз етеді. Дегенмен карт адамдар арасында тұмауға қарсы вакцина аурудың алдын алуда тиімділігі аз болса да, ауруды жеңілдетуге және аурудың асқинуы және өлім-жітім оқиғасын азайтуы мүмкін. Вакцинация әсіресе тұмаудың асқинуы қауіп жоғары топтағы адамдарға, сондай-ақ жоғары қауіп-қатер тобындағы адамдар мен тұратын немесе оларға күтім жасайтын адамдарға қажет. Өздігіңізден емделгеніңіз, ол Сіздің денсаулығыңыз үшін қауіпті. Өзіңізді күтіңіз және сау болыңыз!

Ботагөз ҚАРЫМСАКОВА, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының бөлім меңгерушісі.

Жаңа жыл қарсаңында тұрғындарды арзан бағада, сапалы ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі қолдауымен «Байқоңыр (Байқонур)» ӘК» ҰК» АҚ-ның «Мирас» сауда орталығы арасындағы әріптестік келісім негізінде шаралар қабылдануымен қала бойынша «Төмен баға» атты 3 (үш) әлеуметтік сауда орны ашылғандығын хабарлаймыз.

ТӨМЕН БАҒАДА КӨКӨНІС ЖӘНЕ ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР

«Төмен баға» сауда орындарында ауылшаруашылық өнімдері арзан бағада, яғни нарық бағасынан 15 пайыз төмен сатылады.

Аталған дүкендерді мына мекенжайлардан таба аласыздар: 1. Ескі барма маңы «Ажар» сауда үйіне қарама-қарсы орналасқан «Төмен баға» дүкені; 2. Абуов көшесі 14, яғни қалалық емханаға қарама-қарсы орналасқан «Эльман» дүкені; 3. «Мирас» сауда үйіне қарама-қарсы орналасқан «Төмен баға» дүкені. Жоғарыда айтылған мекен-жайларды «Төмен баға» деген жарнамалық белгі арқылы таба аласыздар!



Азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында Қызылорда қаласының Тоқтыбаев көшесі бойында күнделікті азық-түлік өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіледі.

Жәрмеңкеде азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорындағы өнімдермен бірге «Мирас» сауда орталығының «Дәмді» сауда маркалы өнімдері нарық бағасынан 15-20 пайыз төмен бағада сатылады.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары

70-00-43

Жауапты хатшы

70-00-81

Бөлімдер:

руханият және аппарат - 70-00-64, 70-00-73 экономика - 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат - 70-00-41 жарнама - 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38 зәңгер - 70-00-42 компьютер орталығы - 70-00-34 корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-4, 27.08.2012 ж.

Авторына қаламды тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделген және қайтарылмайды.

Жариялану газетті түпсіздігі көзқарасын білдірмейді. *АҚ-ының құрамы

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байбасыр Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазақша" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Байбасыр Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24415 Тапсырыс № 23

Электронды оқылым 28000.